



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

12 қыркүйек
сейсенбі
№72 (1979)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

■ БҰЛ ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: Өз қаражатымызды тиімді пайдаланып жүрміз бе?



«Қарыз күліп кіріп, жылап шығады» деген бар. Бірақ қазіргідей борышқа белшеден батып, оның тек пайызын ғана төлей алатын деңгейге түсіп, сыпайы тоналған жоқпыз. Әйелдер алтын бұйымдарын ломбардка өткізіп, оның тек үстемесін төлейтіндей жағдайға жетпедік. Кеңес дәуірінде банктен несие алып ешкім той істемеді. Қазіргідей көлдей дастархан жаймады. Жастар отыратын орынды безендіріп, қыруар пайда тапқан мейрамхана ол кезде болмады. Өзіміз сол заманда отау құрғанда бізден бұрын үйленген құрбымыздың той көйлегін, желегін киіп шықтық. Жаңа түскен отауымызға салмақ салмай, көлік жалдап қаржыны шашпай, мамыражай өмір сүрдік. Біреудің қарыз алып, қиналып жүргенін естімедік. Ол кезде ажырасу да аз еді. Бүгінде орасан қаржыны оңды-солды шашу тойдан кейін отбасын құрған жастарға зиянын тигізіп жатқаны рас. Соның кесірінен отбасы ойран болып, шаңырақ шайқалып жатыр. Банктерден кезінде тойға деп алған қарыз кейін опа бермей, тығырыққа тірейтінді өтірік емес. Заманына қарай адамы дейді ғой. Бұл да заманның лебі болар. «Кедей байға жетем...» дегеннің кері ме әлі жетпейтін шокпарды беліне байлап тұнғышқа батып, сабыры таусылып жүргендер қатары көбейіп барады. Бірақ бір күнгі қызықтың пәлен жыл зардабы барын кейде ойламай іші-сырты көз арбаған қымбат мейрамханаға мандай тіреп, тапқан-таянғанымызды тойға шашамыз. Мандай термен тапқан-таянған болса жақсы ғой, артында сұрауы бар қарызға той жасау тәуекелге бел байлайтын қадам емес. Бір сәттік қуаныш үшін сан жыл қиналып, пайызы жоғары несиеге ұрынып, өзін-өзі өлтіріп жатқан замандастарымыз аз емес.

3 БЕТТЕ

■ ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ

Балаң жақсы болса ...

Қазір қара шаңырақтан кие кетіп барады деп күрсінетін қариялар көбейді. Неге олай? Заман орнында, адам орнында, ал қоғам өзгерді. Оған шүбә жоқ. Үлкендердің қарашаңырақты аңсайтын жөні бар. Бағзыдан келе жатқан осы бір қазақ халқында ғана бар қасиеттің қадірі қаша бастады ма деп қорқамын. Үйінде қарияң болса, сол үйде береке болатын. Үйдің есігі өмірі құлыптанбайтын. Шәй қайнап, дастархан жайылып, үйден қонақ арылмайтын. Қарттарға сәлем беруге алысқан келген ағайын түгіл көрші-көлем бас сұғып тұратын. Адамдардың жүрегінде бір-біріне деген сағыныш сезімі болып, сәл көрмесе бір-бірін іздеп отыратын. Қарашаңырақ – ұрпақтар өрбіген қуатты ұя. Кең мағынада бүкіл ұлт тұтас ірге жайған жер де қарашаңыраққа жатады ғой. Сондықтан қазақ баласы атасы көтерген қарашаңырақты аялай қастерлеп, оның қасиетін өзінің ар-намысындай сезінетін.

4 БЕТТЕ

12 ауылға газ беріледі

Мемлекет басшысының қолдауымен
өткен жылы Қызылорда облысында
6 ауылға «көгілдір отын» жеткізіліп,
халықты газдандыру деңгейі 70 пайыз
болғаны баршаға мәлім.

Бұл игі іс биыл да жалғасын таппақшы. Нақтырақ айтқанда, 12 ауыл газға қосылады. Сонда халықты табиғи отынмен қамту деңгейі 75 пайызға жетеді дейді мамандар. Нәтижесінде 40 мыңға жуық тұрғын табиғи газдың игілігін көреді. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, 2024-2026 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде 18 газдандыру жобасын қаржыландыруға 10,2 млрд теңгенің бюджеттік өтінімі ұсынылды. Мұнан бөлек, 2024 жылға тағы 2 жобаны қаржыландыруға 0,9 млрд теңгеге бюджеттік өтінім әзірленді. Барлығы 20 жоба дайындалып, 11,1 млрд теңгенің бюджеттік өтінімі тиісті министрлікке жолданды.

«Ақмешіт-ақпарат»



Қазақстан Президенті 2021 жылғы Жолдауында Үкіметке алдағы бес жылда халықты 100 пайыз таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Қызылордада халықты таза ауыз сумен қамту бағытында неңдей жұмыстар атқарылды? Сұрақтың жауабын білу үшін облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан деректерді сөйлетейік.

АҒЗАҒА ТАЗА СУ ДА ПАЙДАЛЫ

Облыстағы 230 ауылдың 198-і немесе тұрғындардың 98,1 пайызы орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған. Қалған 32 ауылда 8 мыңнан астам адам, яғни ауыл халқының 2 пайызы қоныстанған. Президент тапсырмасына сәйкес аймақта бірқатар жоба қолға алынған. Нақтырақ айтсақ, Экология және табиғи ресурстар министрлігі арқылы 3 елді мекенге (Арал ауданындағы Ақбасты, Абай, Токабай), Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі арқылы 5 елді мекенге (Арал ауданындағы Көктем, Ерімбетжаға, Қазалы ауданындағы

Шәкен, Шиелі ауданындағы Қызылқайың, Қосүйенкі) су желісі тартылады. Жергілікті бюджеттен 24 елді мекенге (Арал ауданындағы Жінішкекүм, Мойнақ, Құланды, Тастүбек, Күршек, Сазды, Қазалы ауданындағы Қожақазған, Мәдениет, Тапа, Ажар, Бірлік, 101 разьезд, 102 разьезд, Сарбұлақ, Жұбан, Шиелі, Шөлқұм, Қармақшы ауданындағы Ордазы, Сарытоғай, Кекірелі, Шобанқазған, Шиелі ауданындағы Лесхоз, Жуантөбе, Ақтам) су тұщытқыш қондырғылар орнату жоспарлануда. Айтпа кетейік, биыл сумен қамту және суды бұру саласындағы 23 жобаға 7,2 млрд теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде 83,7 шақырым ауыз су, 6,9 шақырым кәріз жүйесі мен 12 дана КНС жаңғыртылып, 7 ұңғыма пайдалануға беріледі.


«Ақмешіт-ақпарат»

■ ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ЕТ АРЗАНДАСЫН ДЕСЕК...

Қазақ тұтынатын тағамның бірі әрі бірегейі – ет. Соңғы кезде еттің де бағасы өсті. Арзандап жатқанын көрмедік. Бәрін де әрине, базар айтады. Сол оймен КБИ шағын ауданындағы мал базарына бас сұқтық. Бағымызға орай, бұрын түн қатып жұмыс істейтін мал базары күндізге ауысыпты. Сауда қызып жатыр. Төрт-түліктің ішінде түйеден басқасының бәрі бар. Бағалары да сан алуан. Байқағанымыз, мұнда сатып алушыдан саудагер көп. Ат терлетіп келгендердің әрісі – Аралдан, берісі – Жаңақорғаннан келген. Қалғаны қалаға жақын жатқан аудандардан жетіпті. Олардан әуелгі сұрағанымыз – мал бағасы.

3 БЕТТЕ



Елорда – қазақтың бас қаласы. Арман қуған әрбір жас Астанаға қарай мойын бұрары анық. Ондағы мақсаты елдің бас қаласында тұрсам, оқысам, еңбек етсем, өссем, өнсем екені тағы белгілі. Қазір сол бас қаланың халқы көбейіп келеді. Ресми деректерде миллионнан аса тұрғыны бар елордада жыл сайын аймақтардан 60 мың адам көшіп барады екен. Тіпті бүгінде Астанаға өңірлерден келушілерді шектеу туралы бастама да көтеріліп жатыр.

АСТАНАҒА КӨШУ АРМАН БОЛЫП ЖҮРМЕСІН...



Осыдан бірнеше ай бұрын елге белгілі ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы «Астана – резеңке емес созыла беретін. Сондықтан келушілердің санын шектеу керек», деп ұсыныс айтқан көрінеді. Біз ел ағасы бұл сөзін бас қалаға жанашырлықтан айтты деп түсіндік. Өйткені жыл сайын үлкен бір ауданның халқымен пара-пар тұрғындарды қабылдау үшін қанша жерден Астана болса да әлеует керек. Бірақ ол Астана ғой. Бас қаланың әлеуеті болмаса, басқа қалаларда не қауқар? Журналист Бакытбек Қадырдың республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған «Астана: көші-қонды реттеген жөн бе?» деген мақаласына осы жай арқау болыпты. Бір кездері бас қалада тұрған, оқыған, еңбек еткен жан ретінде біз де көтерілген мәселеге үн қосқанды жөн санадық.

4 БЕТТЕ



Сыр мерейін асырған Смағұловтар әулеті

Биыл оныншы мәрте өткізілген «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы мәресіне жетті. Елімізде қыркүйектің екіншісі жексенбісі – «Отбасы күні» мерекесі. Мереке қарсаңында елордада байқау жеңімпаздарын марапаттау шарасы өтті.



Мемлекет тірегі отбасы десек, әрбір отбасының бақытты, бақуатты өмір сүруі еліміздің әлеуетін арттырып, мықтылығын көрсетеді. «Мерейлі отбасы» байқауы еліміздегі отбасы құндылығын насихаттауға бағытталған. Ата-анасын ардақтап, қариясын құрметтей білетін, Отанның отбасынан басталатынын ұғына білген жұртымыз үшін байқаудың орны ерекше. Жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық

байқауына қатысушы отбасылардың саны артып келеді. Өңірде «Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық байқауына қатысуға 304 отбасы өтінім берген. Аудан, қала бойынша өткізілетін іріктеу кезеңінен 16 отбасы облыстық кезеңге жолдама алды. Осы отбасылардың арасынан байқау талабына сай келетін, қазылар алқасы үздік деп таныған әулетке ғана республикалық кезеңге жолдама беріледі.

2 БЕТТЕ

■ ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН БАЛАЛАРҒА ҚАНША ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ?

Келешек ұрпақ қамы үшін жасалған игі істің бірі – балалар жылындағы «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы. Бұл өскелең ұрпақтың болашағы жарқын болып, білім алып, баспаналы болуы үшін жасалуда. Мемлекет басшысы бұрынғы Жолдауында «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарламасының қалай жүзеге асатынын баяндаған.

– Біз Ата заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіттік. Бұл – құр сөз емес. Бұл –

кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басыуына мүмкіндік береді. Қор шын мәнінде, ұлттық мәртебеге не болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысының бұл сөзі халықтың көңілінен шықты. Бүгінгі күні «бұл бағдарлама

АҚШ долларына тең қаражат жиналады – деді Руслан Желдібай.

Есепшотқа аударылатын қаржы ұлттық қордың кірісіне байланысты өзгеруі мүмкін екенін жеткізді.

Егер бағдарламаға 17 жастан бастап қосылған болса, онда баланың есеп шотына бір жыл ішінде шамамен 100-150 доллар түседі.

Айта кетейік есепшотқа аударылатын қаржы доллармен есептеледі және 18 жасқа толғанда да бұл қаражат доллармен беріледі. Сондай-ақ Ұлттық қордың қаражатына салық салынбайды.

инвестициялық табысты алу бойынша қорытындыға келген. Сондықтан бірқалыпта және өсім тұрақты болу үшін ұлттық балалар қорын 18 жыл деп қорытынды жасаған.

– Егер орташа жылдық кірісті алсақ, ол әрқашан оң болады. Жыл бойынша бір жерде 7 пайызға, бір жерде одан да жоғары, бір жерде теріс болады. Бірақ көбінесе – оң нәтиже. Сондықтан, лайықты және тұрақты табыс болады деп күтеміз. Жыл сайын балалардың шотына есептелген 50 пайыз оң кірістілік қамтамасыз етіледі, – деді Ұлттық экономика министрі

Сонымен қатар ұлттық қорға арнайы есепшотты ата-ана өздігінен ашпайды. Ол еліміздегі базада тіркелген әр балаға шот автоматты түрде ашылып, кәмелет жасына толғанға дейін қаржы түсіп отырады. Егер қорға түскен қаражатты 18 жасқа толғаннан кейін де алмаса, онда ол қорда 10 жыл сақталады. Сол он жылдың ішінде де қаражатқа сұраныс болмаса, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қарастырылған. Ал бала қайтыс болған жағдайда есепшоттағы қаражат туған бауырларына үлестіріледі немесе ата-анасына беріледі.

Одан бөлек қордағы есепшотты қадағалау үшін арнайы веб-сайт немесе құрылғылар арқылы көру қарастырылуда. Ол жерде бала қанша қаражаттың түскенін көре алады. Алайда оны пайдалана алмайды. Бұл қаражатты тек кәмелеттік жасқа толған соң бала оқуға немесе жылжымайтын мүлік сатып алуға пайдалана алады. Осы тұста бір ескеретін жайт, жылжымайтын мүлікті Қазақстан аумағынан ғана ала алады. Ал университетті шетелде оқитын болса, онда қаражаттағы сомманы игілігіне қолдана алады. Заң бойынша емге жұмсау мүмкіндігі де қарастырылған.

Айта кетейік, ұлттық қор балаларға жобасы 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылады.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

ҚЫС САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алдағы жылу беру маусымы мен егін-терім науқанына байланысты мәжіліс өткізді.

Жиында облыстық басқарма басшылары мен қала, аудан әкімдері жылу беру маусымына дайындық, әлеуметтік нысандардың құрылысы және күзгі егін жинау жұмыстары туралы баяндалды.

Күз келісімен ерте көктемде басталған еңбектің жемісін теру науқаны қызады. Қазіргі таңда егіс алқаптарындағы егінді ысырапсыз жинау міндеті тұр. Бұл жұмыс уақытылы жүзеге асуы тиіс. Тиісті сала басшысына облыс әкімі мұны нықтап тапсырды.

Сондай-ақ әлеуметтік нысандардың қысқы жылу беру маусымына сақалдай сай болуы, қажетті отын қорын қамтамасыз етуді қадағалауды облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысына тапсырды. Қыс маусымында жылу құбырларында ақау болдырмай, халыққа қажетті қатты отынды мезгілінде жеткізуді міндеттеді. Сонымен бірге қала мен елді мекендерді абаттандыру, көркейту мен санитарлық тазалықты қадағалау сынды жұмыстар жайы да талқыланды.



Мәжілісте аймақ басшысы өңірде салынып жатқан әлеуметтік нысандар мен жол құрылысына ерекше мән беріп, жұмыс сапасы мен мерзімін қатаң сақтау керек екенін де ескертті. Биыл қалада бірқатар әлеуметтік нысандардың іргесі қаланды. Әсіресе «Неке сарайы», «Анаға тағзым» орталығы, көпқабатты үйлердің қасбетінің, аулалардағы жаңғыртулар, көшелердің кеңеюі қызылордалықтардың көңіл-күйіне оң әсер етуде.



Қазіргі таңда Қызылорда облысының 85 жылдығы мен қала күніне орай тарту етілетін нысандар құрылысы да аяқталып қалды. Бұл ретте облыс әкімі жұмыс қарқынын бәсеңдетпей жоспарланған межеге жету үшін барлығы жіті қадағалауда болуы керектігін баса айтты. Ал мәжілісте міндеттелген тапсырмалардың орныдалуын облыс әкімінің орынбасарлары қадағалайтын болады.

А.ӘЛІМ

■ МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясында «Қызылорда қалалық төтенше жағдайлар басқармасының қала аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында атқарған жұмыстары туралы» мәселесі қаралмақ.



АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Бұл мәселе қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында қаралды. Жиында көтерілген мәселелерді толық бағдарлау үшін алдымен халық қалаулылары қалалық төтенше жағдайлар басқармасына қарасты №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің алаңында болып, өрт сөндіру қызметінің, жедел құтқару жасағының материалдық жағдайымен танысты. Мұнан соң депутаттар мәслихат ғимаратында сала мамандарымен бірге қала аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар мен өзекті мәселелерді талқылады.

Жиын барысында қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Түйменов жұмыс барысы туралы хабарлама жасады.

Басқарма басшысының айтуынша, биылғы 8 айда Қызылорда қаласы аумағында әртүрлі сипаттағы 138 өрт оқиғасы тіркелген. Оның 66-сы тұрғын үй секторында, 46-сы автокөлікте, 12-сі мекемелерде, 4-уі дала және орман өрті, 10-ы басқа да өрттер. Нәтижесінде 2 тұрғын қаражат алған. Абайсыздықтан қанша тұрғын үй мен мекеме тілсіз жаудан зиян шеккен. Бұл мәселе төтеншеліктерді алаңдатып отыр. Сол себепті олар үшін қысылтаяң кезде қажетті құрал жабдықпен қамтылу маңызды екенін айтады. Осы мәселеге байланысты сала

мамандары тексеру жасаған. Нәтижесінде қалада 283 өрт сөндіру гидранты жарамсыз екендігі анықталған. Тілсіз жаудың бірі суға кету болса, қаладағы су айдындарында жыл басынан 4 адамның түрлі себеппен суға кету жағдайы тіркеліп, 1 жасөспірім қаза болған. Бұл өкінішті жағдайдың басты себебі – тұрғындардың қауіпсіздік ережесін сақтамауынан. Яғни ішкілік ішу, рұқсат етілмеген жерге суға түсуінен орын алу.

Апат айтып келмейді. Сондықтан қандай қауіп-қатерге де сақалдай сай болу үшін ірі көлемді төтенше жағдай орын алған кезде қала тұрғындарына дабыл беретін орталықтандырылған құлақтандыру жүйесін көбейту, коммуналдық меншіктегі қалалық жағажай ашу, өрт гидранттарының қалыпты жұмыс жасауын ұйымдастыру керектігі айтылды. Сонымен қатар мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдерінің, жедел құтқару жасағының материалдық-техникалық базасын нығайту, жеке тұрғын үйлердің жылыту пешін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін сақтауда автономды көміртегі тотығы датчигі құрылғысын орнатудың тиімділігі туралы халыққа түсіндірме шарасын жүргізу және басқа да мәселелер күн тәртібіне қойылды.

Талқылау отырысы барысында көтерілген ұсыныстар мен пікірлер қалалық мәслихаттың кезекті сессиясында қаралатын болады.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

СЫР МЕРЕЙІН АСЫРҒАН СМАҒҰЛОВТАР ӘУЛЕТІ

Жалпы он жыл көлемінде ұйымдастырылған байқауға осы аралықта 20 мыңнан астам отбасы қатысқан екен. Оның 63 процентін ауыл тұрғындары құрайды. Ал биылғы байқауда еліміз бойынша 3 мыңнан астам отбасы бақ сынаған. Нәтижесінде әр өңірден үздік шыққан 20 отбасы республикалық кезеге өткен.

Астана төрінде өткен «Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық байқауына Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қатысып, байқау қатысушыларына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді.

«Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық байқауында Сыр елінің атынан қазылылық Смағұловтар отбасы қатысып, аймақ намысын қорғады. Ғасыр жасаған Қабақ қария 10 бала тәрбиелеп, одан 22 немере, 32 шөбере, 2 шөпшек сүйген. Ұлы Отан соғысы ардагерінің өнегелі өмірі көпке үлгі боларлықтай. Өзінен тараған балалары қоғамның әр саласында абыройлы еңбек етіп келеді. Отбасы берекесін бірінші орынға қоятын Смағұловтар әулеті республикалық кезеңде үздік танылып, «Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық байқауының лауреаты атанды.

– Адам баласы отбасы арқылы өседі, өнеді. Отбасының өсіп-өнуі үшін ата-ананың балаға қамқорлығы, берген тәрбиесі маңызды. Отбасы –

Басы 1-бетте



үлкен құндылық. Мұны балаларға кішкентай кезінен ұғындыру керек, – дейді байқау жеңімпазы атанған әулеттің бәйтерегі Қабақ Смағұлов.

Сұрапыл соғыста от пен октын арасында Отанын қорғаған майдангер әке балаларын еңбекке баулып, төзімділікке шыңдап, отбасы ұғымының құндылығын ұқтыра білді. Балалары ата-ана үмітін ақтап, өздері де өнегелі отбасыға айналған. Қазалы ауданының құрметті азаматы, майдангер Қабақ Смағұлов балаларының білімді болғанын, ғылым жолын қуғанын қалаған. Бүгінде әке арманы орындалып, ғылым жолында еңбек етіп жүрген балалары бар. Ал немересі мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан чемпионы болса, өзге ба-

лалары «Смағұл» шаруа қожалығын ашып, ауыл шаруашылығын өркендетуге үлес қосуда.

– Әкеміз балаларының ғалым болғанын қалады. Себебі біздің білімді болғанымызға, тәрбиелі болғанымызға көп көңіл бөлетін. Жұмыстан тыс уақытта ылғи бірге сабақ оқып, есеп шығаратынбыз, – дейді ұлы Кемал Смағұлов.

Балаларын адамгершілікке баулып, оларға отбасы құндылығын жастайынан сіңіріп, ұрпақ тәрбиесінде ұлағатты ұлықтап, мейірім мен махаббатты, парасатталықты сезіндіре білген әулет осылайша тамырын тереңге жайып, бедел биігінен көрініп жүр.

А.ӘЛІМ

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: Өз қаражатымызды тиімді пайдаланып жүрміз бе?

Статистикалық мәліметке сүйенсек, елімізде бүгінде 8 миллионнан астам экономикалық белсенді, яғни жұмысқа жарамды адам бар. Олардың 6 миллионнан астамы борышкер екен. Қазіргі кезде қарызы жоқ отбасы кемде-кем. Қарыз халықтың ұлттық идеясына айналғандай. Сондай-ақ қаржы, бизнес саласындағы мамандардың айтуынша, қарыз алу бүгінгі өмірдің ажырамас заңдылығы. Досыңнан, танысыңнан, туысыңнан немесе банктен қарыз алу көпшілігімізде кездеседі. Бүгінгі адамдардың тыныс-тіршілігі де, экономика да осыған бейімделген. Яғни қазіргі адамдардың бір бөлігі «қарызға өмір сүріп жатыр». Тіпті дүкендерден тамақтарын да Каспий банктен несиеге алып жатқандар қатары көбейіп келеді. Осығыз болмайтын да сияқты. Жұрт қатарлы өмір сүру, баспана салу, балаларыңды аяқтаңдыру, оқыту молырақ қаржыны қажет етеді. Көпшілігіміз солай етіп те жатырмыз. Психологтар несиеге құштарлық – ауру десе, экономистер банк халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігін пайдаланып пайдаға батып отыр дегенді алға тартады. Бұл да шындыққа жанаспайды. Банктер тек өзінің пайдасын ғана ойлайды. Маңдай терін малшынып жүріп тапқан ақшаны басын бұзбай несиеге төлейсің. Несиені несібе деп ойлап, замандастарымыздың көпшілігі қиындықпен бетпе-бет келіп жүр. «Халықтың қасіретіне айналған қарыздан құтылудың жолы қандай? «Қарызсыз қоғам» болу үшін қандай әрекет керек? Мойнымызға түскен қыл бұраудай қарызды қашанғы аркалап жүре береміз?» деген сауалдар қалың бұқараны алаңдатып отырғаны мәлім.

Рауан Аманова, қала тұрғыны: «Қарыздың қайтарымын дәл сол уақытта ойлай қоймаймыз. Адамдардың бір бөлігі бүгінде сәл ақша қажет болса, өзінде жетпесе банкке жүгіретінді шығарды. Соңғы кездері қымбаттау киімнен және тұрмыстық заттардан бастап бәрін де несиеге алушылар саны көбейіп барады. Сауда үйлері мен банктер де бірігіп осындай жарнаманы көбейтіп, елді өзіне тартып жатыр. Солардың арзан сөзіне сеніп ақшаны немесе тауарды тегін беріп жатқандай ұмтыламыз. Бұл әрине, дұрыс емес», – дейді ол.

Көпбалалы ана, қала тұрғыны Анар Уақбаева:

«Қаржылық жағдайымды жақсартам деп қарыз алуға болмайды. Адам өзіне сенбеген соң осындай қауіпті қадамға барады. Құр үміттенудің қажеті жоқ.

Басы 1-бетте

■ ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

БАЗАР БАҒАМЫ ҚАЛАЙ?

Кіргеніміз сол екен, саудагерлер алдымыздан көлденеңдей берді. Мұндағы мал сатушылар шаруа қойға 50 мың теңге, қойға 120 мың теңге сұрайды. Марқа қозының бағасы 25 мың теңгеге шыққан. Ал союға жарамды деген ешкінің бағасы 35-40 мың теңге аралығында. Көргеніміздің көбі – арық. Оны қадап айтуға тура келіп тұр.

Соған қарамастан ірі қара малдың бағасы да өсе түскен. Санамалап айтсақ, бір жасар тайынша – 130 мың теңге, ірі сиыр – 200-250 мың, сауын сиыр 280-380 мың теңге арасында. Мұндағылар тайға 180-200 мың, тайлар құнан мен дөненге – 360-380 мың, құлынды биеге 400-550 мың теңге сұрап тұр. Ал «7-8 жасар ірі жылқыға кемі 800 мың теңге сұраймыз» дейді саудагерлер.

Мал бағасының түскенін байқап тұрғанымыз жоқ. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай қымбаттаған.

Былтыр жылқының жабағысынан бастап бестіге шыққаны, сиырдың баспағы мен сауындысы, серке мен қойдың бағасы бүгінгі бағадан арзырақ болатын.

– Мұнда келгеніме бір сағат болды. Жаңа ғана 325 мың теңгеге сауын сиыр алдым. Қымбат. Жілігіне енді май жүгірген тайыншаның өзі 130 мың теңге, – дейді жасы елуді еңсерген Тасбөгет кентінің тұрғыны Жаксылық ағамыз.

САУДАГЕРЛЕРМЕН ТІЛДЕСТІК...

Саудагерлер жаппай мал сатуын қысқа дайындық деп түсіндірді. Иә, әне-міне дегенше, күз де келді. Ар жағында бірнеше айда сақырлаған қыста келіп жетеді. «Қыстың қамын жаз ойла» деуші ме елі? Олай етпесе айла қылар амал да жоқ. Өйткені бордақыла ұстау қай шаруаға да тиімсіз болып тұр. Себебі жем бағасы қымбаттаған. Қуаныштылық қос бүйірден қысқанда малын әрең аман алып қалғандар «өткен жылдан ұмтылымастай сабақ алдық» – деп отыр. Олардың айтуынша, нарықтағы жем-шөп бағасы ырыққа көнбей тұр.

Жем дегеннен шығады-ау, базарға кіре берісте жем сатқан саудагерлерді аңғарып, бағасын сұрадық. Мұндағылар күрмек жемнің

Басы 1-бетте

Көпбалалы аманым. Бірақ қарыз алғанды қаламаймын. Бүгін қарыз алсам, оны бір амалын тауып қайтарармын» деген алдамшы сенімге бой алдыруға болмайды. Бір қарызданып, оны өтеген адамның бойы қарыз алуға дағдыланып кетеді. Үнемі қол жайып қарыз сұраған адамның өмірі өмір емес, ығли кінәлі адамдай шегіншектеп жүреді. Біреудің ақшасына сеніп өмір сүргенше, қанағатпен өмір сүргенге не жетсін. Біреуге кіріптар болып, берешекті уайымдап жаныңды жегідей жеп еркіндігіңді шектейсің. Қарыз алу арқылы біз өзімізді өзіміз уайымға саламыз. Отбасының да берекесі кетеді. Әсіресе тойға деп шашылып несие алмаған дұрыс. Мейрамханада той жасау деген меніңше дарақылдық. Мына баға асқақтап тұрғанда бір жалақыға қарап отырған қарапайым халық үшін бұл ауырлық етеді» дейді көпбалалы ана.



Гүлнар Баймаханова, қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы:

«Қазіргі таңда кез келген ересек адамға қаржы саласында сауатты болу өте маңызды. Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселесі соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да өзекті бола бастады. Халықаралық зерттеу көптеген дамыған және дамушы елдердегі халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі қаржы нарығына сәйкес келмейтінін көрсетті. Қаржылық білімнің жеткіліксіздігінен көптеген адамдар дәстүрлі, сондай-ақ ақпараттық және цифрлық технологияның арқасында пайда болған қаржы нарығының өнімі мен қызметін тиімді пайдалана алмайды. Олар қаржылық шешім қабылдауға, өз бюджетін жоспарлауға, ұзақ мерзімді



жинақты жүзеге асыруда қаржы дағдарысына ұшырайды.

Әркім өз бюджетін дұрыс жоспарлау және қаржылық алаяқтықтың құрығына түспеу үшін қаржылық сауаттылықты игеруі керек. 2023 жылы 2020-2024 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру тұжырымдамасы шеңберінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүргізген әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша қаржылық сауаттылық индексі 2021 жылы өткен жылмен салыстырғанда 0,45 тармаққа ұлғайып, 39,52%-ды құрады.

Бұл көрсеткіш қаржылық білім мен қаржылық қызметті пайдалану деңгейін, өз қаражатын басқара білуін және тұтынушының қаржы жүйесі туралы хабарлар болуын бағалайды. Қаржылық сауаттылық – бұл адамның әл-ауқатын жақсартуға және өмір сүру сапасын түзеуге әкелетін қаржылық білімнің, дағдының және көзқарастың жиынтығы.

Қаржылық сауаттылық негізін меңгеру алға нақты мақсат қоюға және оған қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тапқан ақшаныңды сақтау үшін өз біліміңізді үнемі жаңартып отыруыңыз керек. Табысты арттыру үшін үнемі табыс табудың жаңа құралын енгізу қажет.

Осылайша, халықтың қаржылық сауаттының жоғарылығы азаматтардың өмір деңгейінің жақсаруына, ел экономикасының дамуына, бәсекелестіктің артуына, қаржылық тұрақтылықтың нығаюына және халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етеді», – дейді қаланың бас экономисі.



Айгүл Мұсабаева, қалалық мәслихат депутаты:

«АМАНАТ» партиясы еліміздің барлық өңірлерінде халықтың қаржылық сауатын арттыратын «Қарызсыз қоғам» жобасын бастады. Бұл жоба қазақстандықтардың қаржылық мәдениеті мен кредиттік тәртібін арттыру үшін пәрменді құрал болады деп күтіліп отыр. Мемлекет басшысының Жолдауында да жаңа экономикалық саясатқа қолдау көрсетіп, оның сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында «АМАНАТ» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасын қолдап, ерекше атап өтіп, оны әрі қарай толық, жүйелі, нәтижелі жүргізуді тапсырды.

«Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қатысушылар өз қаржысын тиімді басқаруды әрі шығындарын онтайландыруды үйренеді және қаржылық

мәселелердің қалай туындайтынын, несиелік қарыздар санын азайтудың жолдарын, алаяқтық әрекеттерді қалай анықтауға болатынын үйренеді. Ал ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер компания бюджетін қалыптастыру тәртібі, салық есеп-қисабын ұсынуы және мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қаржыландыру шарты туралы құнды ақпарат алады. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін «АМАНАТ» партиясы жергілікті атқарушы билікпен бірлесіп белсенді жұмыс жасап жатыр», – дейді депутат.

Роза Жүнісова, қалалық экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары:

«Жолдауда қаржы жүйесінде банк ұйымымен нақты секторға берілетін несиеңін азайып, тұтыну несиеңінің көбеюі, азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырғаны айтылды. Ұлттық банктің 2023 жылғы маусым айындағы статистикалық мәліметіне сәйкес, банк секторы берген несиеңін үштен екі бөлігін тұтыну мақсатындағы кредиттер құрайды. Кепілсіз тұтыну несиеңіне сұраныстың артуының себебі – тауарды сатып алу үшін банктердің бөліп төлеу бойынша акция ұсына отырып, тұтынушылық несиеңі белсенді ынталандыру нәтижесі болып отыр.

Осы ретте халықтың қаржылық жүктемесін төмендету үшін Үкіметке «АМАНАТ» партиясының азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасын әрі қарай жалғастырып, кең ауқымда жүргізуді тапсырды.

«Қарызсыз қоғам» жобасы аясында оқу бағдарламасымен қатар, түрлі нысаналы аудитория үшін әлеуметтік желі арқылы әрбір азаматқа өзінің кірісі мен шығысын жоспарлай білуі, қаржыны үнемдеу, белгілі бір қажеттілікке ақша жинау, қаржылық алаяқтарды танып білу және қаржылық міндеттемені орындау мүмкіндігін бағалай білуді кеңінен насихаттау, бейне роликтер шығару, қаржылық сарапшының кеңесін тыңдау жұмысын жүргізу мүмкіндігі бар.

2022 жылы 30 желтоқсанда қабылданған «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңымен азаматтар кредит пен микроқарызды төлеу міндеттемесін орындауда қиындыққа тап болған жағдайда қарызын төлеуді реттеуге бағытталған шаралар жүргізілуде.

Әлеуметтік-экономикалық саясаттың элементі ретінде халықтың қаржылық сауаттылықты меңгеруі азаматтардың тұрмыс деңгейін жоғарылатуға, жеке инвесторлар қаражатының ел экономикасына құйылуына, қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және қоғамның әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Сондықтан «Қарызсыз қоғам» жобасын насихаттау қарапайым халыққа қаржысын тиімді пайдаланып тұрмысын жөндеуге көмектеседі деген тұжырым бар», – дейді қаржыгер.

Жазира Әбділдәева, банк қызметкері: «Аманат» партиясы ауыл тұрғындарының қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында «Halyk Bankпен» бірлесіп отырып, «Қарызсыз қоғам» жобасын іске қосты. Оның негізгі мақсаты – жеке тұлғалар арасында проблемалық берешегі бар адамдардың қаржылық сауатын арттыру. Жобаға қатысуға өтінім 2 мамырдан бастап қабылданып, жыл соңына дейін жалғасады. Оқу бағдарламасы несие бойынша қарыздары бар және борышкерлер тізіміндегі адамдар, дәл қазіргі уақытта несиеңі бар, бірақ мерзімі өтіп кеткен берешектері жоқтар, жеңілдікпен несие алып, мемлекеттік бағдарлама бойынша қаржыландырылатын, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған», – делі қаржыгер.

Шынында, «Қарызсыз қоғам» жобасы қалың бұқараның қаржы жөнінде сауатын ашуға көмектеседі деп ойлаймыз. Бұл тұрғыда экономистер, қаржыгерлер өз пікірін әлеуметтік желідең де, ақпарат құралдарынан да беріп, қоғамда орын алған қаржылық қиындықтармен бірлесіп күресіп.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЕТ АРЗАНДАСЫН ДЕСЕК...



қабын – 2700 теңгеден, бидайдың кебегіне – 2200 теңгеден, бидайдың қабын – 7000 теңгеден саудалап тұр.

– Көріп тұрғаныңыздай мал сатушылар көп. Өйткені қысқа дайындалу керек. Ал мал қондану үшін қолда ұстауға тура келеді. Сондықтан бәрі ертерек жем-шөп алуға әрекеттеніп жатыр. Қазір жем қымбат. Күрмек пен күріш кебегін береміз, онда қандай құнар болсын?! Тартылған бидайдың қабы – 7-8 мың, ең арзан деген кебек жемнің қабы – 2-3 мың теңге. Шөптің бағасы былтырғыдан өсті. Жоңышқа – 1000 теңге, қамыстың пресі – 500 теңгеден. Шөптердің пресі де жыл санап қымбаттауда, – дейді қала тұрғыны Ернар Сейілбек.

Иә, базардағы сатушылардың біразымен тілдестік. Басым бөлігі малын сатып, жем-шөбін алмақшы. Сырдария ауданының Амангелді ауылынан сауын сиыр саудалауға келген Теңізбай Кеңестің айтуынша, жем бағасы былтырғыға қарағанда қымбат.

– Қазір бақпай мал соя алмайсың. Жерде баяғыдай от жоқ. Өрісте жүрсе көтерім болады. Сондықтан биыл қысқа дайындықты ертерек бастадық. Қазір мал басын көбейткен былай тұрсын, сақтап қалудың өзі мұң болып тұр. Өткен жылы тоннасы 75-80 мың теңгеден

саудаланған кебек биыл 95 мың теңгеге шықты. Былтыр жемдік бидайдың тоннасы 85-100 мың теңгеге шамасында болса, қазір 120 мың теңгеге жетіп қалды. Баға әр жерде әртүрлі, – дейді шаруа.

Күзделгі тіршілік қамы тағы айтайық, белгілі. Қысқы жем-шөбін дайындау, тағысын-тағы тіршілік қамы шаруаларды осында жетелеп келіп тұр. Есесіне, осы айда базардағы малдың құны шамамен 20 пайызға арзандаған. Бірақ күз ортасында баға қайта көтеріледі. Айтпақшы, арзаншылық тек арық малға қатысты. Күйлі түліктің теңгесі де қомақты.

Әрине, мал бағамаңа ет те байланып тұр. Халық етті көбіне мал бордақылаушылардан алады. Ал соңғы уақытта Қызылорда базарындағы еттің бағасы өскен. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, қазір қой еті – 2300, жылқы еті – 2200 теңге, түйе еті – 1900, ал қара малдың еті қоңына қарай 1650-2000 теңге аралығында.

Осы тұста тағы бір ой қылаң берді. Бәрімізге белгілі бір жайт, Қызылорданың қысы қатты әрі желді. Мал қорада кемі төрт ай тұрады. Қымбатшылық малдың өзін сақтап қалуы

үшін шаруаның қалтасын тағы қағалы. Себебі «қазіргі нарық күн ыз еткенде қайта шарықтап шыға келеді» – дейді олар. Алып-сатарлықпен айналысатындар малдың бағасын қалай көтерсе,



қысылтаң уақытта жем-шөптің де бағасын солай көтереді екен. Қазір төрт түлкі жайылымда жүр. Дегенмен баяғы майса күйдегі жер жоқ. Сондықтан қазан мен қарашаға әуірімдеп жеткен мал қолға қарамаса қыстан шыға алмайды. Шаруаларды алаңдататыны – осы.

БАСҚАРМА СӨЗІНЕ СҮЙЕНСЕК...

Алдымен бұл мәселеге жауапты ауыл шаруашылығы басқармасына хабарласып, мәнжайды білмекке тырыстық. Шынында, жем-шөп бағасы қымбаттады ма? Қыста мал азығы азайып, алып-сатарлар шаруалардың қалтасын қайта қақпай ма?

«Облыста мал шаруашылығы бойынша жағдай тұрақты. Баға да бақылауда. Мал азығы саналатын жоңышқа нарықта 650-700 теңге, бау пішін – 250-300 теңге, престелген бума 270-350 теңгеден сатылуда. Ал шаруалар көп сұрайтын бидай кебегінің келісі – 100-110 теңге. Биыл мал қыстату үшін қолда бар қорларды ескере отырып,

700 мыңға жуық мал басына 919 мың тонна ірі азық, 190 мың тонна жем, 152 мың тонна сабан және 6 мың тонна сүрлем дайындау қажет деп белгіленді. Бүгінде ірі азықтың 83 проценті, жемнің 32 проценті әзірленді» дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының өкілдері.

Басқарма ұсынған деректерге сүйенсек, жем-шөп бағасы көтеріледі деп даурығудың қажеті жоқ. Қазірдің өзінде облыс бойынша күтімге алынған 46,1 мың гектар ескі жоңышканың 3,1 мың гектары тұқымға қалдырылып, орылуға тиісті 43 мың гектардың бірінші орымы аяқталған. Бүгінде екінші орым басталып, жиналуға тиісті көлемнің 42,4 мың гектары орылып, 108,4 мың тонна жоңышқа шөбі жиналған. Сонымен қатар қазіргі таңда 21,2 мың гектар жаңа жоңышканың 8,4 мың гектары жиналыпты.

Жалпы мал азығына қажетті құздік бидай, арпа өімдері де жиналған. Енді жоспарға сәйкес, жоңышқа мен шабындықтардағы табиғи шөп пен қамыс шөбін ору арқылы қамтамасыз етілмек.

Еске салайық, көктемгі егіс алдында көлдер жүйесін толтыру арқылы облыста мыңдаған гектар шабындық жер суландырылып, (сүрлем жүгері, жаңа жоңышқа, ескі жоңышқа, мал жемдік асқабақ) мал азықтық дақылдары егілген болатын. Бұл да қысқа дайындықты күшейте түспек. Оның үстіне өңірдегі 76 күріш өңдеу кәсіпорындары арқылы 100 мың тоннадан аса күріш қалдығы және күріш жемі өндіріліп жүр. Жетпеген бөлігі республиканың басқа аймақтарынан тасымалданады.

Қалай болғанда да жем-шөптің бағасы мал мен ет наркына тікелей әсер етеді. Міндет – халықты алаңдатқан бағаға бақылау жасау. Жем-шөптің де мол қорын жасақтау қажет. Өне-міне дегенше күз келді. Мұнан әрі қыс қамы бар.

Әр жылдың мезгіліне сай айналып соғатын әдеттегі тіршілік ең бастысы, қарапайым шаруаның өлшеуді күшіне тиіп кетпесе деген ой біздікі. Нарықтың мына алмағайып күйін көріп, мал базарының өзінен тайлады көкейге түйіп қайттық. Қалай десек те қазастың малсыз күні жоқ. Ал бұл кәсіптің өткір мәселесі ел ішінде аз емес екенін ұмытпаған жөн.

Көкен АҚТАН

